

-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
47-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

Түсінік хат

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығымен бекітілген бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №35670 болып тіркелген).

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағдарланады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың тілдік және әдеби білімдерін жүйелеу, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, мәтінмен және ақпаратпен аналитикалық жұмыс жүргізу қабілеттерін жетілдіру, сондай-ақ мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға қалыптастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің міндеттері:

1) қазақ тілін меңгеру деңгейлеріне сай тілдік білім қорын қалыптастыру, сөйлеу әрекеті түрлері (оқылым, тыңдалым, айтылымы, жазылым) бойынша дағды түрлерін дамыту;

2) әдеби шығарманы тақырыптық-құрылымдық-идеялық аспектіде талдау,



әдеби ұғымдарды түсініп қолдану, әлем әдебиеті мен мәдениетіндегі ұлттық әдебиеттің орнын бағалау дағдыларын қалыптастыру;

3) коммуникативті құзыреттілікті ақпаратты талдау, жинақтау, бағалау, сыни ойлау процестерінде қолдана білу дағдыларын меңгерту;

4) базалық құндылықтарға негізделген жеке қасиеттер мен икемді дағдыларды дамыту;

5) болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға бағдарлау, үнемі білім алуға ұмтылысты дамыту;

6) ұлттық дүниетанымның мазмұндық концептілері білім, ұлт, туған жер, тіл, тарих, мәдениет, еңбек, табиғат концептілері мен ар-ождан, намыс, отбасы, адалдық, жауапкершілік, тәуелсіздік, еңбекқорлық дүниетаным құндылықтарына негізделген коммуникативті құзыреттілікті дамыту;

7) жобалау-зерттеу дағдыларына ие, функционалды сауаттылықты меңгерген тұлғаны дамыту.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары тілдік білімді бағалаудың деңгейлік жүйесін (A2, B1, B2) негізге ала отырып, айқындалған.

A2 деңгейінде білім алушы сұрақтар қояды және сұрақтарға жауап береді, өзінің қарапайым пікірін айтады, ақпаратты өз сөзімен жеткізеді, шағын мәтінді оқиды, мазмұнын айтады, грамматикалық формаларды дұрыс қолданып, жазба жұмыстарын орындайды.

B1 деңгейінде білім алушы шағын көлемді түпнұсқа мәтіндерді оқып, мазмұнын түсінеді және оны талдай алады, мазмұны бойынша сұрақ-жауапқа қатысады, пікір алмасады, грамматикалық формаларды дұрыс қолданып, жазба жұмыстарын орындайды.

B2 деңгейінде білім алушы терминдер мен терминдік сөз орамдары қолданылған мәтіндерді түсінеді, талдайды және толықтырып, қорытады, мазмұнын толық баяндайды, қажетті ақпараттарды іздеп таба алады, ресми мәтіндерді құрастырады, стильдік ерекшеліктерді сақтап, жазба жұмыстарын орындай алады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні бойынша білім алушы:

1) тілді мәдениеттің маңызды бірлігі, ұлттық құндылық ретінде танып, тілдік бірліктерді сөйлеу әрекетінде әдеби тіл нормасына сай қолдана алады;

2) сөйлеу әрекетінің тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым түрлері бойынша тілді меңгеру деңгейіне сай дағды түрлерін үйреніп, қарым-қатынаста еркін пайдалана алады;

3) қазақ тілін ұлттық дүниетаным мәдениетін дамытудың, көптілді, көпмәдениетті әлем тұтастығын сақтаудың негізгі тетігі-құндылық ретінде бағалайды;

4) мәтіннің тақырыптық-идеялық бірлігін тану дағдысын әдеби ұғымдарды



шығармашылық талдауда еркін қолданатын оқырман мәдениетіне ие болады;

5) әлем әдебиеті мәдениетіндегі ұлттық әдебиеттің орнын түсініп, бағалау, сыни пайымдау дағдыларын иеленеді;

6) әлем туралы ізгілікті дүниетаным иесі ретінде жалпы адамзаттық мәселелер бойынша өз көзқарасын ұлттық дүниетаным мәдениеті құндылықтары тұрғысынан бағалап жеткізеді;

7) медисауаттылық құралдарын меңгеріп, кезкелген ақпаратты сыни ойлау тұрғысынан сараптай алады.

2-тарау. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің мазмұнын іске асыру

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды.

2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің тақырыптық мазмұны құндылықтарға негізделген «Адам», «Ар-ұждан», «Намыс», «Отбасы», «Отан», «Тіл», «Мәдениет», «Білім», «Еңбек», «Табиғат» дүниетаным концептілері және қарым-қатынас салалары бойынша анықталады.

3. Білім беру процесі құндылыққа, тұлғаға бағытталған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдер негізінде іске асырылады.

2-параграф. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің мазмұны

4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады.

5. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалім оқыту процесінде сөйлеу әрекеті түрлері бойынша (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дағды түрлерін қалыптастырады, сонымен қатар, білім алушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

6. Оқу пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:



- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) оқылым;
- 4) жазылым;
- 5) тілдік бағдар.

«Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) болжау;
- 2) назарын шоғырландырып тыңдау;
- 3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
- 4) көркем шығармаларды тыңдау;
- 5) негізгі ойды анықтау;
- 6) медиа ақпараттарды талдау

«Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) сөздік қорының алуандығы;
- 2) мәтін құрастыру;
- 3) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;
- 4) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 5) әдеби шығарманы мазмұндау;
- 6) диалогке қатысу.

7) Визуалды материалдар арқылы тілді дамыту

«Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;
- 2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді түсіну;
- 3) көркем шығармаларды оқу;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 5) қосымша ақпарат көздерінен мәліметтер алу және орынды қолдану;
- 6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

«Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) ресми стильде мәтін құрастыру;
- 2) эссе жазу;
- 3) креативті жазу;
- 4) мәліметтерді жинақтау;
- 5) орфография және пунктуация.

«Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) тілдік білім;
- 2) коммуникативті-функционалды бағыт.

Тілдік бағдар бөлімінде құрылымдық лингвистика категориялары туралы білім коммуникативті-функционалды лингвистика ұстанымдарымен байланыста беріледі. Тілдік бағдар бөлімінде грамматикалық категориялар жүйелі түрде аталса, ал коммуникативті-функционалды бағдар бөлімінде тілдік бірліктердің қолданыстағы қызметтері өзара байланыста модельденіп ұсынылды. Оқыту



процесінде тілдік бағдар материалдарын берудің жүйелі алгоритмі берілді.

7. 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің базалық білім мазмұны (А1.2, А2.1 деңгейлері):

1) тыңдалым:

тірек сөздер арқылы болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, нақты ақпаратты анықтау, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты сөздердің мағынасын түсіну, көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну, негізгі тақырыпты анықтау, сұрақтарға жауап беру;

2) айтылым:

жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу, амандасу мәнері мен ұлттық этикет формалары, қазақ тіліндегі төл дыбыстары мен үндестік заңы, мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, берілген сұраққа лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу, иллюстрацияларды сипаттау;

3) оқылым:

негізгі ақпаратты анықтау, хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау, көркем шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру;

4) жазылым:

ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарына сай хабарлама, хабарландыру, хат жазу, эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, орынды, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу, жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау, орфографиялық ережелерді және пунктуация ережелерін сақтай отырып жазу;

5) тілдік бағдар:

есімдіктер, жалғаулар (тәуелдік жалғауы, септік (жай/тәуелді септеу), зат есімнің / жіктеу есімдіктерінің септелуі, дейін, қарай, соң септеуліктерінің септік жалғаулары арқылы сөзбен байланысы, шығыс + көмектес септіктерінің қолданысы, зат есімнің көпше түрі), сан есім, сан есімдердің септелуі, мезгіл мәнді сөздердің қолданысы, көмекші сөздер, сын есімдердің сөйлем ішіндегі орны (анықтауыш, баяндауыш қызметтері), салыстырмалы шырай, етістіктің шақтары (ауыспалы осы шақтың / ауыспалы келер шақтың / жедел өткен шақтың / нақ осы шақтың болымды, болымсыз, сұраулы формаларының жасалуы), бұйрық, қалау райдың қолданысы, -у керек / -у керек емес құрылымының қолданысы, туынды сын есімдердің жасалуы мен қолданысы, сөйлем түрлері (жасалуы, интонация, қолданысы, тыныс белгісі), сөйлем құрылымы (сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі) туралы жалпы түсінік қалыптасу; жалғаулықтарды (және, да, мен, әрі, өйткені,



себебі, бірақ, алайда) қолдану.

8. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің базалық білім мазмұны (А2.2 деңгейі):

1) тыңдалым:

мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау, тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну, әңгіме, аңыздар мен шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын тыңдап түсініп, талдау, кейіпкерлердің әрекеттерін баяндау және түсіндіру, тақырыпқа қарай мәтін мазмұнын болжау, ақпаратты тыңдап түсініп, негізгі ойды анықтау, тыңдаған ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру; туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын лирикалық және прозалық шығармаларды тыңдап түсіну;

2) айтылым:

тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу, тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтауда ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу, сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту, шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігін салыстыру, диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру; туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білу; мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды талдау;

3) оқылым:

мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме, орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау, мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру; туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу;

4) жазылым:

мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу, эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастыру, жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау, үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану; олардың шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау; өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру;



5) тілдік бағдар:

етістіктің бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ формаларын қолдану; етіс түрлерін жасалу жолдарына қарай қолдану; деректі, дерексіз зат есімдер, көптік мәнді есім сөздер, лексикалық мағынасы жағынан заттың көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырату, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану; есімдіктердің мағыналық түрлерін қайталау; тұйық етістік (етістік + уға болады/уға тырысады); үстеулердің қолданысы, қалау райды ауызша, жазбаша сөйлеу барысында қолдану; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін ескеріп ауызша, жазбаша сөйлеу барысында жай сөйлемдерді дұрыс құрастыру.

9. 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің базалық білім мазмұны (А2.2, В1.1 деңгейлері):

1) тыңдалым:

мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау; мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну, прозалық және лирикалық шығармалардың тақырыбы мен идеясын анықтау, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру; өңірде шығатын газет-журналдарды білу; энциклопедия ұғымын түсіну, өлкетанудың бағыттарын анықтау;

2) айтылым:

мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдану, мәтін мазмұнын дамыту, кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту, шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау, коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші → тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру, кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау; туған өлке туралы, адамдар туралы мақалалар мен очерктерде берілген ақпараттың шынайылығын анықтау, бағалау, ақпарат мазмұнын құраушы детальдарды сипаттау және эмоционалдық әсері тұрғысынан талдау; өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу;

3) оқылым:

кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, ресми-іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін талдау, лирикалық және прозалық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкер образына талдау, мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп



жеткізу; туған өлке туралы, шынайы көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді оқу; энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер), оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

есімшенің септелуі мен тәуелденуін, есімшенің анықтауыштық қызметін қолдану; қимылдың өту сипаттары туралы түсінік беру (қимылдың бастаулы, дамуы, аяқталуы); мезгіл мәнді құрылымдарды қолдану; көмекші сөздерді ауызша және жазбаша сөйлеу барысында қолдану (атау септік *ретінде, түрінде, сайын, туралы, үшін, рет, сайын, кітап туралы, сағат сайын, үш рет, ел үшін*); мақал-мәтелдерді қолдану; синоним, антоним, омонимдерді орынды қолдану; қимылдың өтуі сипатын жеткізуші аналитикалық форманттар туралы білімін дамыту; зат есім тудыратын жұрнақтардың сөзге үстейтін мағынасын білу; мезгіл мәнді құрылымдарды қолдану; *ғой, сірә, екен* демеуліктерін қолдану; қимылдың өту сипаты туралы білу, қолдану; *-шыл/-шіл/-и* жұрнақтары арқылы туынды сын есімдер жасау, ауызша және жазбаша сөйлеу барысында қолдану; үстеулерді, оқшау сөздерді, термин сөздерді, көнерген сөздерді, ауыспалы мағынадағы сөздерді / тіркестерді ауызша және жазбаша сөйлеу барысында қолдану.

10. 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің базалық білім мазмұны (B1.1, B1.2 деңгейлері):

1) тыңдалым:

мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, драмалық және лирикалық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау, тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл-күйі арқылы негізгі ойды анықтау, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

2) айтылым:

тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту, идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісін салыстыру және талдау, тақырып бойынша өз



пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру, кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру;

3) оқылым:

перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау, публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау, прозалық және лирикалық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру, мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізу, тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырып, баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, ақпараттық мәтін, пікір, интервью жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну, жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

тілдің лексикалық сөздік құрамы мен сөздік қорын, тұрақты сөз тіркестерін қолдану, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін білдіретін сөз тіркестерін қолдану; мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркесінің айырмашылығы туралы білімін дамыту; тұйық етістіктің септелуі, тәуелденуі, сөйлем құрылымындағы қызметі туралы білімін дамыту; тұрақты сөз тіркестерінің, мақал-мәтелдердің сөйлем құрылымындағы қолданысы (көмекші етістіктермен байланысуы, түрленуі); анықтауыш мәнді құрылымдар (үйірлі мүшелі анықтауыш – сөзі *таныс бала/кітабы қызық бала/өзіне риза бала, білімі жоғары адам*); оқшау сөздердің түрлері, жазылу емлесі, пунктуациясы; синонимдер, тұрақты сөз тіркестері, сөздің ауыспалы мағынасы; термин сөздердің жасалу жолдары туралы білімді дамыту; стиль, оның түрлері туралы білімді қалыптастыру; публицистикалық стильдің қолданылу аясы туралы, тілдік ерекшеліктері (лексикалық, грамматикалық) туралы білім қалыптастыру; әртүрлі стиль түрлерінде етістіктің шақ түрлерінің қолданысы, лексиканың (терминдер, ауыспалы сөз мағыналары) қолданысы, сөйлем түрлерінің (жақты/жақсыз) қолданысындағы айырмашылықтар; публицистикалық стильдің жанрлық түрлері, олардың құрылымдық, мақсаттық, тілдік (етістік, көмекші сөздер, бағалауыш лексика, сөздің ауыспалы мағынасы; мәтінішілік мағыналық байланыстарын берудің тілдік құралдары (зат есім+ ілік септігі +зат есім +тәуелдік жалғауы); сілтеу, жіктеу есімдіктері, тәуелдік жалғауының мәтінішілік мағыналық байланысты орнатушы қызметтері; мәтінді



байланыстырушы көмекші сөздер (*оның ішінде, оның құрамында*); оқшау сөздер: орфографиясы, пунктуациясы; синонимдер, тұрақты сөз тіркестерін, ауыспалы мағыналы сөздерді; жай және құрмалас сөйлемдерді қолдану .

11. 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің базалық білім мазмұны (B1.2, B2.1 деңгейлері):

1) тыңдалым:

тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, лирикалық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру, мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру;

2) айтылым:

мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау, коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу, шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау, тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу, кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау;

3) оқылым:

мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау, ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, прозалық және лирикалық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау, мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, ақпараттық мәтін, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, өз ойын дәлелдеп жазу, жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу, түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

құрмалас сөйлем түрлері, жасалу жолдары туралы білімді дамыту (мезгіл



бағыныңқы, шартты бағыныңқы, қимыл-сын бағыныңқы, қарсылықты бағыныңқы, себеп-салдар бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем түрлері; құрмалас сөйлемдердің айтылу интонациясы; мәтіншілік мағыналық байланысты орнатушы көмекші сөздердің қызметі (қарсы/келісу/келіспеу сөйлеу мақсаттарын жеткізетін сөйлеу клишелері; қыстырма сөз түрлері), сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі туралы («деп»/ «болып» көмекші сөзді құрылымдар: деп есептейді/етістік + айын деп еді/деп ойлайды/болып жұмыс істейді), синонимдер, тұрақты сөз тіркестері, сөздің ауыспалы мағынасы, терминдердің жасалуы туралы тілдік білім қорын қалыптастыру

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

12. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні арқылы берілетін білім мазмұны білім алушының коммуникативті құзыреттілігін дамытуды туған жер, тәуелсіздік, адалдық, еңбекқорлық, бірлік, отбасы сияқты құндылықтар тірек концептілері болатын дүниетанымды қалыптастырумен байланыстырады. Оқу мақсаттары тілдік дағдылар мен сөйлеу әрекеті дағдылары түрлері ретінде тілді меңгеру деңгейлеріне қарай қарапайымнан күрделіге қағидасы бойынша жүйелі дамып отырады. Бағдарламада оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым, тілдік бағдар (тілдік бағдар материалдарын коммуникативті –функционалды бағытта ұсыну үлгісі қосымша берілді) компоненттері бойынша берілген оқу мақсаттары өзара дамытушы сабақтастық байланысқа құрылған. Оқу мақсаттары оқушы меңгерген дағды – нәтиже түрінде жүзеге асады.

13. Оқу мақсаттары:

1) тыңдалым:

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқу мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Болжау	5.1.1.1* тыңдалым тақырыбын таныс сөздер арқылы болжау	6.1.1.1* тыңдалым тақырыбын, мазмұнын иллюстраци я, кесте арқылы болжау	7.1.1.1 * типтік сөйлеу жағдаяттар ының негізгі бөліктерін түсіну және таныс сұрақтар	8.1.1.1* тыңдалым барысында кеңейтілге н пікірталаст ағы қайшылық ты пікірлерді	9.1.1.1* тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздер ді талқылай отырып, тақырып пен



			арқылы тыңдалым мазмұнын болжау	анықтау және дамуын болжау	көтерілетін мәселені болжау
2.Назарын шоғырланд ырып тыңдау	5.1.2.1* тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау	6.1.2.1* тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттард ы анықтау	7.1.2.1* тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, тақырыпты ң өзектілігін анықтау	8.1.2.1 * тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттар ды анықтау	9.1.2.1* нақты және абстрактілі тақырыптар бойынша айтылған мәтіннің негізгі идеясын анықтау
3. Сөздер мен сөз тіркестері нің мағынасын түсіну	5.1.3.1 * күнделікті тұрмыстық тақырыптар ға байланысты таныс сөздер мен фразаларды ң көмегімен негізгі ақпаратты түсіну	6.1.3.1 * тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптар ға байланысты таныс сөздер мен фразалар, сұрақтарды ң көмегімен негізгі ақпаратты түсіну	7.1.3.1 * әлеуметтік - мәдени тақырыпта рға байланыст ы жеке тәжірибені, бастан өткен оқиғалард ы тыңдай отырып, детальді ақпараттар ды түсіну	8.1.3.1 * әлеуметтік - мәдени тақырыпта рға байланыст ы жеке тәжірибені , оқиғалард ы, жоспарлар мен армандар туралы мәтіндерді тыңдап, себеп- салдарлық мағынаны түсіну	9.1.3.1 * әлеуметтік- қоғамдық тақырыптар аясында қолданылға н арнайы лексика мен термин сөздердің мағынасын түсіну (тауып, іріктеу)
4. Көркем шығармала рды	5.1.4.1 * шағын әңгіме,	6. 1.4.1* әңгіме, өлеңдердің	7. 1.4.1* әңгіме, өлеңдердің	8.1.4.1* әңгіме, өлеңдердің	9.1.4.1* орта көлемді



тыңдау	өлеңдердің мазмұнын түсіну	мазмұнын түсініп, кейіпкер әрекетін талдау	мазмұнын толық түсіну, тақырыбы мен идеясын талдау	мазмұнын толық түсіну, композици ялық құрылымы н талдау	мәтінді тыңдап, көтерілген мәселені анықтап, өз пікірін білдіру
5. Негізгі ойды анықтау	5.1.5.1* таныс сөздер мен фразаларды ң көмегімен адамдар арасындағы диалогте берілген негізгі ойды түсініп, тақырыбын анықтау	6.1.5.1* адамдар арасындағы диалогті таныс сөздермен сұрақтар, фразаларды ң көмегімен түсініп, негізгі ойды, тақырыбын анықтау	7.1.5.1 * адамдар арасындағы диалогтің мазмұнын толық түсініп, сөйлеушіні ң дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8.1.5.1* адамдар арасындағы полилогтің мазмұнын толық түсіну, көңіл күйді жеткізетін детальдарды анықтау, негізгі ойды талқылау	9.1.5.1* тыңдалым материалдар ының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру, мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау;
6. Медиа ақпараттар ды талдау	5.1.6.1 * тыңдалым материалдар ының (репортаж, ән) тақырыбын таныс сөздер мен фразалар көмегімен анықтау	6. 1.6.1 * тыңдалым материалдар ының (тележаңал ық, ән) тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	7.1.6.1* қоғамдық- мәдени тақырыпта рға арналған радио және телебағдар лама, фильмдерд е көтерілген негізгі	8.1.6.1 * қоғамдық- мәдени тақырыпта рға арналған радио және телебағдар лама, фильмдерд е көтерілген	9.1.6.1 * меңгерген тілдік деңгейге сай таныс тақырыптар бойынша (дәрістер, презентация лар сұхбаттар) сөздегі күрделі



			мәселені талдау	негізгі мәселені түсіну және талдау	идеялардың үдетпелі берілуін бақылап, аргументтер жүйесін талдау
--	--	--	-----------------	-------------------------------------	--

2) айтылым:

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқу мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Сөздік қордың алуандығы	5.2.1.1* Күнделікті тұрмыстық қажеттіліктегіне сай дайын фразаларды (хал сұрасу, өтініш айту, кешірім сұрау) жаттап, жағдаятқа сай қолдану	6.2.1.1 * тұрмыстық - әлеуметтік қажеттіліктегіне қарай дайын фразаларды (ұсыныс айту, шақыруға, ұсынысқа жауап беру, назар аударту) жаттап, жағдаятқа сай қолдану	7.2.1.1* тұрмыстық - әлеуметтік сөйлеу жағдаяттарын да негізгі ойын әсерлі жеткізу (эмоционалды -экспрессивті сөздер арқылы) және таныс тақырыптарға дайындықсыз сөйлеу	8.2.1.1 * қоғамдық әлеуметтік тақырыптар бойынша меңгерген сөздік қор мен сөйлем құрылымдарын пайдаланып, пікір білдіру	9.2.1.1* берілген тақырып бойынша сөздерді қолданып, ауызша мәтіндер құру; берілген тақырып бойынша сөздерді қолданып, өзгелермен ой бөлісу, тыңдаушыға әсер ету
2. Мәтін құрастыру	5.2.2.1* дайын фразаларды жалғаулықтармен (және, бірақ, өйткені) байланыстырып,	6.2.2.1 * дайын фразаларды жалғаулықтармен (да, де, сондықтан, себебі) байланысты	7.2.2.1 * әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты жеке тәжірибені, бастан өткен оқиғаларды	8.2.2.1 * себеп-салдарлық мағыналық байланысты сақтап әлеуметтік - мәдени тақырыпта	9.2.2.1 * сөйлеу барысында берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды



	оқиганы баяндау, қысқаша сипаттама беру	ырып, оқиганы баяндау, қысқаша сипаттама беру	әңгімелеу	рға байланыст ы жеке тәжірибені, оқиғалард ы, жоспарлар мен армандар туралы әңгімелеу	қолданып, шешім ұсыну
3. Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті	5.2.3.1 * қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын қолдану	6.2.3.1* тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру , аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формалары н қолдану	7.2.3.1* ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын күнделікті тұрмыстық қарым- қатынаста қолдану	8.2.3.1* көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде сөйлеу этикеті формалары н қолдану	9.2.3.1 * коммуника тивтік жағдаяттар ға байланыст ы сөйлеу этикеті формалары н (алғыс білдіру, ізет көрсету) дұрыс таңдай білу
4. Орфоэпи ялық нормала рды сақтау	5.2.4.1* ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстарды ң дыбысталуы н, үндестік заңын қолдану	6.2.4.1 * ауызша мәтіндер құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдерд ің интонацияс ын қолдану	7.2.4.1 * орфоэпиялық нормалардың (протеза, эпентеза, элизия) сөз арасындағы, сөйлем ішіндегі дыбыстардың өзгеруін меңгеру, қолдану	8.2.4.1* сөйлем түрлеріне тән интонация лық құрылымда рды (кідіріс, әуез, ырғақ) сақтау, қолдану	9.2.4.1* коммуника тивтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану
5. Әдеби шығарма	5.2.5.1 * дайын	6.2.5.1 * дайын	7.2.5.1* әңгіме,	8.2.5.1 * тақырыбы	9.2.5.1 * шығарма



ны мазмұндау	фразаларды (бір күні, сонан соң) қолданып, шағын әңгіме мазмұнын оқиғаның дамуына қарай баяндау	фразаларды (бір кезде, ең соңында, сонымен байланысты, соған қарамастан) қолданып, шағын әңгіме мазмұнын оқиғаның дамуына қарай баяндау	өлеңдердің мазмұнына құрылымдық талдау жасау	жағынан ұқсас шығармалардағы оқиғалар желісін, мазмұнның дамуын салыстыра талдау	ның идеясы мен мазмұнына байланысты автордың ойын бағалау
6. Диалогке қатысу	5.2.6.1 * дайын фразаларды қолданып, сұраққа қысқа, жауап беру, диалогке қатысу	6.2.6.1 * өзіне таныс жағдаяттар да қарапайым сөйлем құрылымдарын жаңа лексикамен толықтырып, коммуникацияға қатысу	7.2.6.1* коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай диалогке қатысушылардың «сөйлеуші - тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру	8.2.6.1* берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру	9.2.6.1 * сөйлеу барысында заманауи өзекті тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолданып, өз көзқарасын білдіру
7. Визуалды материалдар арқылы тіл дамыту	5.2.7.1 * күнделікті тұрмыстық тақырыптағы иллюстрацияларды сипаттау	6.2.7.1 * тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптағы сюжетті суреттерде бейнеленген оқиғаны әңгімелеу	7.2.7.1* кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты детальді сипаттау	8.2.7.1 * кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген детальді ақпаратты	9.2.7.1* кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстыры



				талдау	п бағалау
--	--	--	--	--------	-----------

3) оқылым:

Білім алушылар:					
Дағдыл ар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Мәтінде гі ақпарат ты анықтау	5.3.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау	6.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттар ды анықтау	7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген детальді ақпаратты салыстыру және талдау	8.3.1.1 аргументке құрылған мәтіндерде гі негізгі тұжырымд арды анықтау және талдау	9.3.1.1 мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, талдау, қорытынды жасау
2. Әртүрлі стильде гі мәтінде рді түсіну	5.3.2.1* күнделікті тұрмыстық жағдаяттағ ы хат, хабарлама, жарнама мәтіндеріні ң негізгі мазмұнын түсіну	6.3.2.1 * тұрмыстық -әлеуметтік жағдаятта кездесетін қарапайым қысқа мәтіндердің (күнделік, жарнамалы қ мәтіндер, нұсқаулық, ережелер, брошюра, хаттар) жалпы мазмұнын түсіну	7.3.2.1* күнделікті тұрмыстық қарым- қатынаста кездесетін хаттардан, хабарламалард ан қажетті ақпаратты табу және түсіну, таныс оқиғаларды сипаттамасын баяндайтын мақалалардан анық құрылған дәлелдемелер тізбектерін анықтау және талдау	8.3.2.1* шағын мақала, интервьюд е берілген негізгі ақпаратты анықтау және талдау	9.3.2.1* публицистик алық стильдегі мәтін авторының ұстанымын, негізгі идеясын түсіну, дәлелдерді талдау
3. Көркем	5.3.3.1* шағын	6.3.3.1 * шағын	7.3.3.1* шағын көлемді	8.3.3.1 * шағын	9.3.3.1 * көркем



шығармаларды оқу	көлемді көркем шығармалардың мазмұнын түсіну, тақырыбын анықтау	көлемді шығармалардың мазмұнын түсіну, негізгі тақырыбы мен идеясын анықтау	шығармалардағы оқиғалар желісінің дамуын, кейіпкерлердің әрекеттерін сипаттау, талдау	көлемді шығарма сюжетін, құрылымын талдау, кейіпкер әрекетін, сезімін сипаттау және талдау	шығарманың мазмұнын түсініп, тақырыптың өзектілігін, автордың ойы мен көтерілген мәселені талдап, өз пікірін білдіру
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	5.3.4.1 * мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын салыстыру	6.3.4.1* мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, аудиториясын салыстыру	7.3.4.1* мәтіндердің идеясын, құрылымын салыстыра талдау	8.3.4.1* мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстыра талдау	9.3.4.1* публицистикалық мәтіндердің (жаңалықтар, іскери хаттар, мақала, хабарлама) стильдік белгілерін анықтап, талдау
5. Қосымша ақпарат көздерінен мәліметтер алу және орынды қолдану	5.3.5.1 * қосымша ақпарат көздерінен (газет-журнал, ғаламтор, сөздік) тақырыпқа байланысты мәліметтерді табу және	6.3.5.1* қосымша ақпарат көздерінен (газет-журнал, ғаламтор, сөздік, энциклопедия) тақырыпқа байланысты мәліметтер	7.3.5.1* бірнеше қысқа мәтіндерден қажетті ақпаратты табу және дереккөздің сенімділігін бағалау	8.3.5.1* қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге сілтеме көрсете отырып, мәтін мазмұнын толықтыру	9.3.5.1* қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді талдап, қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, баға беру



	салыстыру	ді табу және талдау			
6. Өзіндік көзқара сын білдіру және бағалау	5.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру	6.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыст ыру	7.3.6.1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын дәлелдер келтіріп жеткізу	8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерд і салыстыра талдап, пікір білдіру	9.3.6.1 мәтінде көтерілген мәселені ұлттық және ғаламдық тұрғыда талдап, баға беру,

4) жазылым:

Білім алушылар:					
Дағдыла р	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Ресми стильде мәтін құрастыр у	5.4.1.1* Құрылымд ық белгілерін сақтап қарапайым хабарлама, хабарланд ыру, хат жазу	6.4.1.1 * Құрылымдық белгілерін сақтап, күнделі к, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу	7.4.1.1* құрылымд ық белгілерін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтау лар жазу	8.4.1.1* құрылымд ық белгілерін сақтап, ақпаратты қ мәтін, пікір, интервью жазу	9.4.1.1* құрылымдық белгілерін сақтап, ақпараттық мәтін, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу
2. Эссе жазу	5.4.2.1* эссе құрылымы н сақтай отырып, орынды,	6.4.2.1* эссе құрылымы мен дамуын сақтап, негізгі ойды детальдар	7.4.2.1* эссе құрылымы на мен дамуын сақтап,	8.4.2.1* эссе құрылымы мен дамуын сақтап,	9.4.2.1* эссе құрылымы мен дамуын сақтап, салыстыру



	адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	арқылы ашып, оқиғаны әңгімелеу	көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу	тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну	нысандарының артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстырып жазу
3. Креативті жазу	5.4.3.1 дайын фразалар (бір күні, сонан соң) мен жаңа сөздерді қолданып, шағын әңгіме жазу	6.4.3.1 дайын фразалар (бір кезде, ең соңында, сонымен байланысты, соған қарамастан) мен жаңа сөздерді қолданып, шағын әңгіме жазу	7.4.3.1 меңгерген сөздік қоры мен сөйлем құрылымдарын қолданып, шағын әңгіме жазу	8.4.3.1 оқиға дамуын сақтап, кейіпкерлердің сезімдері мен ниеттерін сипаттап, шағын әңгіме жазу	9.4.3.1 Жазба жұмыстарында айшықтау, көркемдеу амалдарын қолданып, шытырман оқиғаға құрылған әңгіме жазу
4. Мәліметтерді жинақтау	5.4.4.1 дайын фразалар мен жаңа сөздерді қолданып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау	6.4.4.1* дайын фразалар мен жаңа сөздерді қолданып, тақырып бойынша шағын комикс дайындау	7.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, шағын блог жазу	8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну	9.4.4.1* тақырып бойынша түрлі стильдегі (публицистикалық, көркем әдебиет, ресми, ауызекі стильдері) мәтіндер құрауда дереккөздерден мәліметтерді жинақтау және іріктеу



					(сілтеме көрсетіп жазу)
5. Орфография және пунктуация	5.4.5.1* жазба жұмыстарында (мазмұндама, диктант, эссе) сөздерді орфографиялық ережелерге сай жазу, сөз, сөз тіркесі, сөйлем тыныс белгілерін орынды қолданып жазу	6.4.5.1 * жазба жұмыстарында (мазмұндама, диктант, эссе) сөздерді орфографиялық ережелерге сай жазу, сөз, сөз тіркесі, сөйлем тыныс белгілерін орынды жазу	7.4.5.1* жазба жұмыстарында (мазмұндама, эссе) меңгерген жаңа сөздер мен сөйлем түрлеріне қарай орфография мен пунктуация ережелерін қолдану	8.4.5.1 * жазба жұмыстарында (эссе) меңгерген жаңа сөздер мен сөйлем түрлеріне қарай орфография мен пунктуация ережелерін қолдану	9.4.5.1* жазба жұмыстарында (эссе, ақпараттық мәтін, хат, хабарлама, күнделік) тыныс белгілерді орынды қолданып, бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды, терминдерді жазу

5) тілдік бағдар:

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.Тілдік білім	5.5.1.1* Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік (жіктеу, сілтеу есімдіктері), жалғаулар, Ауыспалы осы шақ(болымды/болымсыз),	6.5.1.1* Бұрынғы өткен шақ жасайтын грамматикалық формалар және мағыналық түрлері(бо	7.5.1.1* Есімшенің есім сөздер сияқты септелуін, тәуелденуін, есімшені	8.5.1.1* Тілдің лексикалық сөздік құрамы және қоры/ тұрақты сөз тіркестерінің қалыптасуы	9.5.1.1.* Құрмалас сөйлем түрлері, жасалу жолдарын меңгеру, қолдану



	сөйлем(хабарлы, сұраулы) түрлерін,сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін,мәтін түрлерін меңгеру, қолдану	лжалды, нақтылаушы) /сұраулы сөйлем түрлерін (ақпараттық , нақтылаушы, түрткі) меңгеру, қолдану	ң анықтауыш қызметін сөйлемдегі орын тәртібі/ қимылдың өту сипаттарын меңгеру(қимылдың бастаулы, дамуы, аяқталуы), синоним, омоним, антоним түрлерін меңгеру, қолдану	/ мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркесінің айырмашылығын,тұйық етістіктің есім сөздер сияқты септелуін, тәуелденуін , сөйлем құрылымын дағы қызметін меңгеру, қолдану	
1.2. Коммуникативті - функционалды бағытта ұсыну моделі	5.5.1.1* 1.Зат есім (жалпы/жалқы)2.Жіктеу, сілтеу есімдіктері; 3.Тәуелдік жалғау, жатыс, септік, жіктік жалғау; 4.бар, жоқ, емес сөздеріне аяқталатын сөйлемдер 5.Ауыспалы осы шақ (жекеше түрі); 6.Жалпы, сұраулы сөйлем (ма/ме?) 7.Сын есім	6.5.1.1 * 1.Бұрынғы өткен шақ (жекеше, көпше түрлері) 2.Нақтылау мақсатындағы сұраулы сөйлем түрлері 3.Мәтін, құрылымы туралы түсінікті дамыту. 4.Мәтінді	7.5.1.1* 1.Есімшенің анықтауыш қызметі (етістік +есімше зат есім); 2.Есімшенің септелуі (атау, ілік септіктері): 1)етістік	8.5.1.2* 1.Тұйық етістіктің септелуі: атау, ілік септіктері (атау септік: оқу пайдалы /жазу туралы/айту үшін), ілік септігі (айтудың жөні бар). 2.Анықтауыш мәнді	9.5.1.1* Мезгіл бағыныңқы сабақтас 1.Есімше кезде/уақытта/шақта, есімше+жатыс септік , көсемшенің (-ғалы/гелі ,-ып/іп/п, +а/е/й) сөйлем ішіндегі



	(адамның портретін, мінез-құлқын сипаттайтын сын есімдер) 8.Сілтеу есімдіктері (бұл, мынау, анау) 9.Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі	байланыстырушы сөздер мезгіл мәнді (бір кезде, сонан соң, соңында) 2.Мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану 3.Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі	+ған/атын +ы/і дұрыс 2)етістік +есімше + ілік септік зат есім 3.Мезгіл мәнді құрылым 4.Етістікті құрылымдардың жазылу орфографиясы мен пунктуац иясы 5.Сын есім тудырушы жұрнақтар: -шіл, -мал,-шақ,-паз. 6.Синоним, омоним, антонимдер	құрылымдар (кітабы бар/кітабы жоқ бала) 3.Тұрақты сөз тіркестерінің, мақал – мәтелдердің сөйлем құрылымындағы қолданысы (көмекші етістіктермен байланысуы, түрленуі)	қызметтері. 2.Жай сөйлем және құрмалас сөйлем құрылымындағы мезгілдік мағынаның берілуі 3.Құрмалас сөйлемдердің айтылу интонациясы, 4. Жазба жұмыстарында құрмалас сөйлемдерді құрастыру, қолдану, 5.Мәтінішілік мағыналық байланысты жеткізуші сөздер 6.Қарсылықты /келісу/келіспеу мақсатын жеткізетін сөйлеу
--	--	--	---	--	---



					клишелері
2. Тіл дік білі м	5.5.1.2 * Жалғау түрлері:тәуелдік,се птік жалғауларын, жай және тәуелді септеу түрлерін,ауыспалы осы шақтың көпше түрі (болымды/болымсы з, сұраулы), көмекші сөздерді (есімдік, етістік) меңгеру, қолдану.	6.5.1.2* Етістіктің ауыспалы өткен шақ түрінің қайталамал ы әрекетті білдіруін, үстеу сөздердің мағыналар ын,қызметі н,сапалық және қатыстық сын есімдерді, шартты райдың жасалуын меңгеру, қолдану	7.5.1.2 * Есімше мен зат есімнің тәуелді септелуі арасында ғы ұқсастық пен айырмаш ылықты, қимылды ң өтуі сипатын (қимылд ың созылуы) жеткізуш і етістіктің аналитик алық формантт арды меңгеру, қолдану	8.5.1.2* Тұйық етістіктің есім сөздер сияқты септелуі, тәуелденуі, сөйлем құрылымын дағы қызметін термин сөздердің жасалу жолдарын меңгеру, қолдану	9.5.1.2* Құрмалас сөйлемдер дің түрлерін , жасалу жолдарын, құрылымы н, мәтін құрылымы нда сөйлем арасындағ ы мағыналы қ байланыст арын,сино нимдер, тұрақты сөз тіркестері, сөздің ауыспалы мағынасы, терминдер дің жасалуын меңгеру, қолдану
2.1. Комм уника тивті - функц ионал ды бағыт	5.5.1.2 * 1.Ауыспалы осы шақ (көпше түрі) 2.Табыс, барыс септіктері (зат есімнің, жіктеу есімдіктерінің септелуі)	6.5.1.2* 1.Ауыспалы өткен шақ (жекеше, көпше түрлері) 2.Үстеу. Мекен	7.5.1.2 * 1.Есімше нің септелуі: 1)етістік +есімше жұрнағы +табыс	8.5.1.2* 1.Тұйық етістіктің септелуі: табыс септік (айтуды ұнатады),	9.5.1.2* 1.Шартты және қимыл сын бағыныңқ ы сабақтаста



та ұсыну модел і	3.Тәуелді септеу; 4.Жалпы сұраулы сөйлемдер 5.<i>Жиі,сирек, кейде,үнемі</i> – сөздерінің сөйлемдегі орын тәртібі) 6.Септеулік шылаулар: дейін, қарай, соң. 7.Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі (<i>Біз ауылда тұрамыз. Бұл – менің атам. Ол айранды жақсы көреді. Менің анамның көзі әдемі. Ол – мұғалім. Менің қарындасым бар. Ол үнемі би үйірмесіне барады. Біз демалыс күні демаламыз. Сенің атаңа қандай тағам ұнайды?</i>)	үстеулері (төмен, жоғары, алда, артта...) 3. Барыс септігінің мақсаттық, мезгілдік мағынаны білдіруі (кешке дейін, түске дейін, беске дейін, таңға дейін, беске қарай, алтыға таман) 4.Шартты рай (+са, се) 5.Лексикал ық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстард а қолдану 6.Сын есім тудырушы –ғы/гі,	септік (ол барғанды ұнатады/ жақсы көреді); 2)етістік +есімше жұрнағы + тәуелдік жалғ. +табыс септік: (ол барғанын айтты.О л баратын ын айтты/О л барар- бармасы н білмеді; ол барған+ ы+н мақтан ету/ ұнату/қо лдау); 3)етістік +есімше +барыс септік 2 жыл болды/ри за болу /қуану/өкі ну/жаны ашу	шығыс септік (айтудан шаршады), көмектес септігі (айтумен бірге/қатар) 2.Анықтауы ш мәнді құрылымда р (үйірлі мүшелі анықтауыш):сөзі таныс бала/ кітабы қызық бала/өзіне риза бала, білімі жоғары адам. - 3.Оқшау сөздердің түрлері, жазылу емлесі, пунктуация сы Синонимде р, тұрақты сөз тіркестері, сөздің ауыспалы мағынасы	рдың жасалу жолдары 2.Сөйлемд егі сөздердің орын тәртібі 3.Ырықсы з етіс 4.Қыстыр ма сөз түрлері 5. Деп, болып көмекші сөзді құрылымд ар (деп есептейді, болып табылады, етістік + айын деп еді, деп ойлайды, мұғалім болып жұмыс істейді) 6.Жазба жұмыстар ында құрмалас сөйлемдер ді қолдану
---------------------------	---	---	---	---	--



		қы/кі,- дай, дей жұрнақтары 7.Сөйлемде гі сөздердің орын тәртібі	2.Мезгіл мәнді құрылым (Таң атысыме н, шығысы мен) 3.Қимыл дың өту сипаты(қ имылдың басталуы : Етістік +көсемш е (а/е/й) баста 4. Етістікті құрылым дардың жазылу орфограф иясы мен пунктуац иясы 5.Көмек ші сөздер: атау септік ретінде, түрінде, сайын, туралы, үшін, рет, сайын (кітап туралы,		
--	--	--	--	--	--



